



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ
БАНКТЕР
АРАСЫНДА
ЖҮРГІЗІЛГЕН
САУАЛНАМА**

**2025 ЖЫЛҒЫ
2-тоқсан**

Кредиттеу туралы банктер арасында жүргізілген сауалнама

2025 жылғы 2-тоқсан

Корпоративтік секторды кредиттеу

2025 жылдың 2-тоқсан қорытындысы бойынша бизнес тарапынан несиеге деген жиынтық сұраныс алдыңғы тоқсанның деңгейінде сақталды (1-сурет). Алайда, кәсіпкерлік субъектілері тұрғысынан алғанда әртүрлі бағыттағы динамика қалыптасты. Атап айтқанда, шағын және орта бизнес тарапынан сұраныстың артуы байқалса, ірі кәсіпорындардың несие белсенділігі төмендеді.

2025 жылдың 2-тоқсанында бірқатар банктер ірі бизнес тарапынан несиеге деген сұраныстың төмендегенін атап өтті. Бұл, ең алдымен, ірі кәсіпорындарға арналған мемлекеттік қолдау бағдарламаларының шектеулі болуына және қарыз қаражатының жоғары құнына байланысты. Бұған қоса, нарықтағы банктік өнімдерге қарағанда тиімдірек шарттарда тікелей қаржыландыруды ұсынатын мемлекеттік даму институттары тарапынан да бәсекелестік байқалады. Банктер 2025 жылдың 2-тоқсанында іске қосылған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының (бұдан әрі – «Даму» Қоры) ірі жобаларға кепілдік беру тетігі (Кепілдік қоры 2) арқылы жұмыс істеуге дайын екендіктерін білдіргенімен, бизнес тарапынан айтарлықтай қызығушылық байқамай отыр. Негізгі себеп ретінде банктер кепілдіктің қымбаттығын (қарыз сомасының 2%-ы) атап өтеді. Осылайша, қаржыландыру құны бизнес үшін ұзақ мерзімді, ауқымды инвестициялық жобаларға қатысты шешім қабылдауда негізгі фактор болып табылады. Сонымен қатар, орташа банктердің бірі жылдың бірінші жартысында тартылған қорландыру базасын ұлғайту есебінен ірі жобаларды қаржыландыруды кеңейтуді жоспарлап отыр. Жалпы алғанда, ірі бизнес тарапынан несие өтінімдерінің саны тоқсаннан-тоқсанға (т/т) 15%-ға азайып, 200-ге жетті, ал өтінімдердің орташа сомасы 12%-ға өсіп (т/т), 12,9 млрд теңгені құрады.

Банктер мемлекеттік қолдау бағдарламаларының іске қосылуы аясында шағын және орта бизнес тарапынан сұраныстың артқанын атап өтеді (1-сурет). Негізгі құралдар ретінде «Өрлеу» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы (түпкі қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 12,6%-дан аспайды) және «Даму» қорының базасында жүзеге асырылатын шағын және орта бизнес жобаларына кепілдік беру тетігі (Кепілдік қоры 1) көрсетілді. Бұл ретте, айналым қаражатына қажеттілік артқан кезде капитал айналымы жедел жүретін сауда және қызмет көрсету салаларындағы клиенттер мемлекеттік қолдау шарттарының қатаюына байланысты нарықтық банк өнімдеріне қызығушылық танытты. Жекелеген банктерде субсидиялау бағдарламалары аясында цифрлық деректер алмасуды қамтамасыз ету үшін «Даму» қорымен техникалық арнаны баптау жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, кейбір банктер мемлекеттік бағдарламалардың тетіктері мен құралдарын өздерінің өнімдік ұсыныстарына біріктіру мүмкіндігін қарастыруда. Бірнеше орта банктерде сұраныс жақында енгізілген өнімдерді жетілдіру және белсенді маркетингтік акциялар жүргізу есебінен қолдау тапты. Қосымша фактор ретінде өнімдер шарттарының жұмсартылуы байқалды, оның ішінде: кепілдікке қабылданатын активтер бойынша аумақтық шектеулерді әлсірету, қарыз алушыларды бағалау кезінде жеңілдетілген қаржылық талдауды енгізу және несие көлемінің ең жоғары шегін арттыру. Дегенмен, жекелеген жағдайларда маржа мен сыйақы мөлшерлемесіне байланысты емес комиссиялар бойынша шарттардың біршама қатаюы тіркелді (3-сурет). Кейбір банктерде шағын және микробизнеске арналған жаңа өнімдер тестілеу кезеңінде тұр. Осы орайда, «жеке кәсіпкер» мәртебесінің заңнамалық тұрғыда бірыңғай анықтамасының болмауы қызметтер мен өнімдік шешімдердің дамуына шектеуші фактор ретінде көрсетілді. Жалпы алғанда, орта бизнес тарапынан кредиттік өтінімдердің жалпы саны тоқсаннан-тоқсанға (т/т) 15%-ға өсіп, 5,3 мыңға жетті, ал өтінімдердің орташа сомасы 20%-ға артып (т/т), 924 млн теңгені құрады. Шағын бизнес тарапынан несие өтінімдерінің жалпы саны 3%-ға ұлғайып (т/т), 912 мыңға жетті, ал орташа көлемі 14%-ға азайып (т/т), 30,4 млн теңгені құрады.

Ірі бизнес субъектілері бойынша өтінімдерді мақұлдау коэффициенті небәрі 1 п.п.-ға төмендеп, 56%-ды құрады. Орта бизнес сегментінде мақұлдау үлесі 4 п.п.-ға азайып, 32%-ға түсті. Бұл негізінен 2-тоқсан соңында түскен өтінімдердің артуына және олардың қаралу сатысында болуына байланысты. Сонымен қатар, ірі банктердің бірінде қарыз алушылардың қаржылық жағдайын консервативті бағалау нәтижесінде мақұлдау үлесі аздап төмендеді. Шағын бизнес өтінімдерін мақұлдау 33% деңгейінде сақталды.

2025 жылдың 3-тоқсанында банктер бизнес субъектілерінің сұранысы алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталады деп күтуде (1-сурет) және несие шарттарына айтарлықтай өзгерістер енгізуді жоспарламайды (2-сурет). Жекелеген банктер мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қосылу процесінде, бұл келесі тоқсанда қарыз алушылар белсенділігіне оң әсерін тигізеді деп болжануда.

Жеке тұлғаларды кредиттеу

2025 жылдың 2-тоқсанында барлық бөлшек несие өнімдеріне сұраныс өткен тоқсанмен салыстырғанда жоғары болды.

Есепті тоқсанда ипотекалық қарыздарға сұраныстың артуына бір ірі банктің мемлекеттік ипотекалық несиелеу бағдарламасына өтінімдерді жинауы, құрылысшылармен серіктестік бағдарламаны іске қосуы және жекелеген орта банктердің қарыз алушының табысын бағалау кезінде ескерілетін кіріс көздерін кеңейтуі ықпал етті.

Сонымен қатар, банктер ипотекалық қарыз беру бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (ЖТСМ) ең жоғары шегінің 25%-дан 20%-ға дейін төмендеуі теріс әсер еткенін атап өтті¹. Кіріс маржасы төмен (немесе теріс) болуына байланысты кейбір ірі және орта банктер жекелеген ипотекалық өнімдер бойынша өтінім жинауды тоқтатты, ал басқа бір шағын банк олардың мерзімін ұзартты. Нәтижесінде, ипотекалық қарыздар бойынша өтінімдер саны (т/т) өзгермей, 242 мыңды құрады, ал орташа мөлшері 5%-ға өсіп, 17,4 млн теңгеге жетті.

Бір орта банк кепілмен берілетін тұтынушылық қарыздарға сұраныстың артуын осы өнім бойынша несие мөлшерлемесінің аздап төмендеуімен түсіндірсе, басқа банк бұл сегментте цифрлық өнімнің іске қосылғанын атап өтті. Сондай-ақ, бір орта банк сұраныстың өсуін жарнамалық және маркетингтік науқандардың басталуымен байланыстырды. Бұл өнім бойынша өтінімдер саны 2%-ға (т/т) өсіп, 52 мыңға жетті, ал орташа өтім мөлшері 17%-ға (т/т) өсіп, 15 млн теңгені құрады.

Ұзақ уақыттық төмендеуден кейін 2025 жылдың 2-тоқсанында кепілсіз қарыздарға сұраныс аздап артты. Сонымен бірге, жекелеген ірі және орта банктер кепілсіз қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қатаңдатты, бұл осы сегменттегі сұраныстың өсуін шектеуге әсерін тигізді. Осылайша, бұл сегменттегі өтімдер саны өзгермей, 18,3 млн болды, ал орташа өтім мөлшері 10%-ға (т/т) өсіп, 1 131 мың теңгені құрады.

Автонесиелеу сегментінде сұраныстың артуына негізінен шағын банктердің автосалондар субсидиялайтын жаңа серіктестік бағдарламаларды енгізуі, сондай-ақ жекелеген орта банктердің субсидияланатын автонесиелеу бағдарламалары бойынша серіктестер тізімін кеңейтуді жалғастыруы әсер етті. Нәтижесінде, автонесиелер бойынша

¹ Аталған талап Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен қаулысының құрылымдық элементінің қолданысын тоқтата тұру туралы» қаулысына сәйкес қабылданды.

өтінімдер саны 16%-ға (т/т) өсіп, 1,6 млн-ға жетті, ал орташа өтінім мөлшері 8%-ға (т/т) төмендеп, 7,25 млн теңгені құрады.

2025 жылдың III тоқсанында банктер кепілмен берілетін тұтынушылық қарыздар мен автонесиелерге сұраныстың аздап өсуін күтеді (5-сурет). Сонымен бірге, олардың пікірінше, ипотекалық қарыздар мен кепілсіз тұтынушылық қарыздарға сұраныс біршама төмендеуі мүмкін.

Мақұлдау коэффициенттері ипотекалық өнімдер бойынша 5 п.п. (т/т) өсіп, 29%-ды, кепілмен берілетін тұтынушылық қарыздар бойынша 9 п.п. (т/т) өсіп, 45%-ды, кепілсіз қарыздар бойынша 1 п.п. (т/т) өсіп, 32%-ды және автонесиелер бойынша 4 п.п. (т/т) өсіп, 19%-ды құрады. Ипотекалық қарыздар бойынша бекіту коэффициентінің өсуі мемлекеттік ипотекалық несиелеу бағдарламасына қатысатын қарыз алушыларды іріктеумен байланысты. Тұтынушылық қарыздарда (кепілмен және кепілсіз) бекіту коэффициентінің артуы бір орта банктегі қарыз сомасының ұлғаюымен және басқа банктің қарызды қайта қаржыландыру өнімін ілгерілетуімен байланысты. Автонесиелеу сегментінде бекіту үлесінің артуы автосалон серіктестерімен жұмыс аясында қарыз алушылардың төлем қабілеттілігі жоғары клиенттерді іріктеуімен түсіндіріледі.

Банктердің айтуынша, 2-тоқсанда ипотекалық несиелеу шарттарындағы негізгі өзгеріс ЖТСМ шегінің төмендеуі болды. Сонымен бірге, кейбір орта банктер құрылысшылармен серіктестік бағдарламалар аясында сыйақы мөлшерлемесін жұмсартты. Кепілмен берілетін тұтынушылық қарыздар бойынша шарттар өткен тоқсан деңгейінде қалды. Кепілсіз тұтынушылық қарыздарда банктер шарттарда айтарлықтай өзгерістерді атап өткен жоқ, ал автонесиелеу сегментінде серіктестік бағдарламалар аясында мөлшерлемелердің төмендеуі байқалды.

Келесі тоқсанда банктер кепілмен берілетін тұтынушылық қарыздар бойынша шарттарға айтарлықтай өзгерістер енгізуді жоспарламайды. Кепілсіз тұтынушылық қарыздарда шарттардың қатаюы күтілуде, бұл бірінші қарызды алу кезінде 24 сағаттық «салқындау кезеңін» енгізумен және клиенттің банкке жеке келу талабымен байланысты². Автонесиелеу сегментінде кейбір орта банктер сыйақы мөлшерлемесін қатаңдатууды, ал бір ірі банк оларды жұмсартуды күтеді. Сонымен қатар, ипотекалық қарыздар бойынша бір ірі банк сыйақы мөлшерлемесін арттыруды жоспарлап отыр.

² Бұл өзгеріс 2025 жылғы 30 маусымдағы №205-VIII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес енгізілді

Зерттеу туралы жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттеу туралы сауалнаманы банктер арасында тоқсан сайын жүргізіп отырады. Бұл сауалнама кредит ресурстарына деген сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерді бағалау мақсатында ұйымдастырылады. Сауалнама банктің жалпы кредит саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына арналған. Зерттеу кезінде барлық банк сауалнама толтырады және кей банктердің өкілдерімен сұхбат жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап беру үшін мына жауаптардың бірі қолданылады:

-1 = айтарлықтай төмендеді / қатаңдады

-0,5 = сәл төмендеді / сәл қатаңдады

0 = бұрынғы деңгейде қалды

0,5 = сәл артты / сәл жеңілдеді

1 = айтарлықтай артты / айтарлықтай жеңілдеді

2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері қарапайым орташа тәсілмен есептеліп, таза процент өзгерісі (ТПӨ) ретінде ұсынылатын. Бұл – параметрдің артқанын (жеңілдегенін) көрсеткен респонденттердің үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) көрсеткен респонденттердің үлесі арасындағы айырма.


2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап нәтижелер әр банктің кредит нарығы сегментіндегі үлесін ескере отырып, ТПӨ түрінде есептеледі. Бұл көрсеткіштің мәні -100%-дан (барлық банктер «айтарлықтай төмендеді/қатаңдады» деп жауап берсе) +100%-ға дейін (барлығы «айтарлықтай артты/жеңілдеді» деп жауап берсе) өзгере алады.

Бұл көрсеткіш оң болса – өсімді (жеңілдеуді), ал теріс болса, төмендеуді (қатаңдауды) білдіреді. Сонымен қатар, таза процент өзгерісі – көрсеткіші параметрдің нақты көлемін емес, тек өзгеріс болған-болмағанын көрсетеді.

Сондай-ақ 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап, сауалнамада қойылатын және мақұлданған кредиттік өтінімдер туралы сұрақтар (№21, 22, 23 сұрақтар) енгізілді. Жалпы өтінімдер санына мақұлданған, бас тартылған және зерттеу жүргізу кезінде қаралып жатқан өтінімдер кіреді.

1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына деген сұранысы

Таза процент өзгерісі




(а) №1 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда кәсіпкерлердің кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?

(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні кәсіпкерлердің кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу шарттары

Таза процент өзгерісі




(а) №5 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

3-сурет. Кредиттеудің кейбір шарттары


Таза процент өзгерісі



- (а) №7 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде берілген кәсіпкерлік субъектілеріне арналған кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
 (б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

4-сурет. Кредит сыйақысы мөлшерлемелері


Таза процент өзгерісі



- (а) №8 сұрақ: Кейінгі 3 айда кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелері қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?
- (б) Таза кредит өзгерісінің оң мәні корпоративтік секторға берілетін кредит сыйақысының мөлшерлемесі төмендегенін білдіреді.

5-сурет. Жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы

Таза процент өзгерісі




(а) №9 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

6-сурет. Жеке тұлғаларға кредит беру шарттары

Таза процент өзгерісі




(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредит шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу шарттары

Таза процент өзгерісі




(а) №16 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген ипотекалық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні ипотекалық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

8-сурет. Тұтыну кредитін беру шарттары


Таза процент өзгерісі



- (а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
- (б) №17 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген тұтынушылық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 ай ішінде бұл шарттар қалай өзгереді?
- (в) Таза процент өзгерісінің оң мәні тұтынушылық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері

Таза процент өзгерісі



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларға арналған кредиттің сыйақы мөлшерлемесі қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?

(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні жеке тұлғаларға берілетін кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төмендегенін білдіреді.